

## **Қарағанды облысы Жас кітапханашылар I Форумының қатысушыларына**

### **Құрметті әріптестер, форум қатысушылары!**

Қарағанды облысында алғаш рет өткізгелі отырған **Жас кітапханашылардың I Форумының** ашылуымен шын жүректен құттықтаймын!

Елбасы, Нұрсұлтан Назарбаев «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: Жалпыға Ортақ Еңбек Қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламасын көптің көкейіне ұсынуы да тегін емес. Қоғам ұлы күшпен, ерен еңбекпен өріс алады. Сол арқылы болашаққа берік бағдар қалыптастырады. Ендігі мәселе жас ұрпаққа тікелей байланысты.

Болашақ ел тізгінін ұстап, өміршең бастамаларды алға жетелеуші күш – ол жастар. Ұлт көшбасшысы өз сөзінде жастардан отансүйгіштікті, өз ісіне деген адалдықты, сапалы маман болуды күтетіндігін айтқан. Себебі, кез келген елдің дамуы еңбекке жұмыла білген еңбекқор жастардың қолында.

Ендеше, жас кітапханашылардың алдында Қазақстанның қазіргі индустриялық-инновациялық дамуына білімімен, еңбегімен өз үлестерін қосу міндеті тұр.

Бүгінде Республика бойынша жас кітапханашы мамандар көрсеткіші жағынан Қарағанды облысы алдыңғы қатарда тұр. Осы орайда, қарағандылық әріптестеріміздің кадр мәселесін шешуде атқарып жатқан ауқымды, мақсатты іс-шараларын, қабілеті бар, білімді мамандарды қолдауды мақсат тұтқан форумын қуана құптаймыз.

Жас мамандар бұл форумнан тәжірибе жинақтап, білім деңгейін көтеріп, стимул алатындықтарына кәміл сенемін.

Қарағанды облысы Жас кітапханашылар I Форумына сәттілік тілеймін!

**Ізгі тілекпен,  
ҚР Ұлттық академиялық  
кітапханасының Бас директоры**

**Ж.К. Шаймұханбетова**